

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігіҚазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің 2019
жылғы 25 қаңтардағы № 35
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2019 жылғы 28
қаңтарда № 18244 болып тіркелдіМинистерство образования и науки Республики
Казахстан

**«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау
бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына
өзгерістер және толықтыру енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17565 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 22 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті:

1) лицензиаттың өтініші негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандықтары бойынша бұрын берілген білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияларға қосымшаларды осы бұйрыққа сәйкес қайта ресімдеуді қамтамасыз етсін;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандықтары бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияларға қосымшаларды қайта



ресімдеу кезінде осы бұйрықты және білім беру саласындағы уәкілетті органның әдістемелік нұсқаулықтарын басшылыққа алсын.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышында:

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім – магистратурада даярлау бағыттары» және «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім – докторантурада даярлау бағыттары» бөлімдерінде орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.Қ. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

Е. Сағадиев